

**Tabys** 3  
Tabys-пен табысты болыңыз!

5  
Армандар орындалады

6  
Мөшік

7  
Футбол өлеміндегі қарғыс

Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін. Мағжан

# АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ

№ 10 (391) 13 наурыз, 2021 жыл

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

REDAKTOR BAGANY



## НАУРЫЗ - ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Бытыр Волонтерлер жылының жабылуында Президент ҚТоқаев «Қайырымды істер марафоны» ұлттық жобасын жариялаған. Егемен елдің еңселе 30 жылдығына орай жұртшылықты жақсылық жасауға жұмылдырған жоба ө дегенде-ақ қалың көпшіліктің қолдауына ие болды. Өйткені бұған дейін де қараша халық тиыныңан теңге, мыңнан миллион құрал, бір біріннің мұқтаждығына қол ұшын созып жүрген. Енді осы жәрдем мемлекеттік деңгейде жалпы-халықтық сипатқа ие болды.

Марафонның басты мақсаты – жомарттық пен қайырымдылыққа негізделген қоғам құру, адамдар өміріне оң өзгеріс әкелу, жалпы жұртты жақсылық жасауға шақыру. Бұған дейін де жекелеген адамдардың, қайырымдылық үшін арнайы құрылған қорлардың көмегімен жүзеге асып жатқан жылы жинау ісі енді әдістемелік және ақпараттық жариялықпен сүйемденеді. Донор, қайырымдылық ұйымы, ерікті адамдар, т.б санат бойынша тіркеледі және бірыңғай ақпараттық кеңістік құрылады. Олар үшін нұсқаулықтар шығарылады. Тағы бір назар аударатыны, қайырымды істер күнтізбесі бекітіліп отыр. Тағыртыптық, гуманитарлық және әлеуметтік бағытта халықаралық, ұлттық мерекелер аясында жасалған бұл күнтізбе марафонға қатысушыларға бағдар ретінде ұсынылады. Жыл бойы ақпаларды да осы күнтізбеге қарап жоюларға болады. Марафон аясындағы барлық іс-шаралар интернет желісінде, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Жалпы ұлттық Қайырымды істер марафонының ең қызықты салтанаты іс-шарасы бұл – жоба аясында жарияланған байқау. Онда «Ең қайырымды қала», «Ең қайырымды аудан», «Ең қайырымды ауыл», «Ең қайырымды ұжым», «Ең қайырымды аула», «Ең қайырымды білім ұжымы», «Ең қайырымды бизнес», «Ең қайырымды БАҚ», «Ең қайырымды өнім» деген марапат аталымдары сарапта салынады. Сөйтіп жақсылық жасап жарысқан ағайынның арасынан суырылып оза шапқан шын жүрілігін өсімін ел білетін болады.

Міне, быыл осындай марафон жарияланып отыр. Жыл басы – Наурыздан бастап кімге қандай көмек қолын соза алатыныды ой елегінен өткізіп, марафон мересінен көрінуге қамдана беріңіз, оқырман. Жарыссақ, жақсылық жасап жарысайық!

# Шапан шынымен қымбат па?



Жыл сайын Өз-Наурыз жақындағанда көпшілік ұлттық киімдердің насихаты аз өкенін немесе бағасына қол жетпейтінін айтып мәселе көтереді. Расымен баға біз ойлағандай қымбат па, әлде ұлттық киім қымбат болу керек деген қарғанда бар ма? Биылғы мереке қарсаңында осы тақырыпты жазып көрдік.

**СҰРАНЫСТЫ ҚЫРҒЫЗДАР ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ**  
Алдымен, былайғы жұрт «Ескі базар» алап кеткен сауда орталығына аялдадық. Ұлттық мерекеге дайындықтың әсері ме, әлде тұрғындардың қазақы киім киюге ынтылау бола бастағаны ма, әйтеуір бұл жерде адам қарасы көп. Дәлірек айтсақ, ұлттық киімдер ілінген дүңдіріштер жанында. Бірі бағасын сұрап, енді бірі матасын тандап, үшіншісі киім көруде.

Қарбалас көріністі сырттай бақылап тұрған біз біраздан соң сатушы мен тұтынушыны сөзге тарттық.  
– Киімнің бәрі Қырғызстаннан келеді, – дейді көптің көңілінен шығуға тырысқан саудагер. – Отандық бренд дейтіндей, Қазақстанда мұның ешқайсысы тілгімейді ғой. Әрі Бішкектен келген заттың бағасы арзан. Қамзолдар 4,5-5 мыңнан басталады, шапандардың ең арзаны – 6 мың теңге. Бәрі

сапасына қарай. Ең қымбаты – 30 000 мың теңге.  
«Мына қамзолдың бағасы қандай?», «Мына киімнің үлкен өлшемі бар ма?» деп төпелете сұрақ қойған келушілермен қоса бізге де ықыласпен жауап берген Айнур есімді сатушыға рақмет айтқан соң, орта жастағы тұтынушымен тілдестік.  
– Базардағы қазақы киімнің бағасы да тәуір, оюлары да әдемі. Бірақ сапасы біз ойлағандай бола бермейді ғой. Ал мына қамзолды жас

келіміне сыйлыққа беруге сатып алдым, – дейді Әсел есімді қала тұрғыны.  
Базардағы баға мен тұрғындардың қызығушылығын білген соң сауда орталығы жанындағы «Ыдыстар үйіне» келдік. Бұл орталықтың бірінші қабатынан ұлттық киімдердің көз келген түрін табуға болады. Бірақ базарға қарағанда бағасы сәл қымбаттау. Шапандардың ең арзаны 19 мыңнан басталса, қамзолдарды

5-6 мың көлемінде табуға болады. Әрі қарай сапасына қарай қымбаттай береді. Бір белгісі, өкі сауда орталығының да сұранысын Қырғызстаннан жеткізілген тауарлар толық қамтамасыз етіп тұр. Ең қызығы, сырттан келген ұлттық киімдер бір-біріне өте ұқсас, түстерінде аздап өзгешелік болғанмен оюлардың жиі қайталанғанын байқауға болады.

Көпшілікті алаңдатқан бұл мәселенің артықшылығы да бар. Ең бірінші, бір айдың көлемінде алуға болатын шекті соманың мөлшеріне тоқталсақ. Мысалы, шағын кәсібі бар 20 миллион, орта кәсіпкерлер 120 миллион, ірі кәсіпкерлер 150 миллион теңгеге дейін банктен қолма-қол ақшаны ала алады. Егер шағын кәсіп иесі бір айда 20 миллион теңгеден жоғары қаржыны қолма-қол алатын болса, кәсіпкер банкке қолма-қол ақшаны алу қажетін растайтын құжат пен мемлекеттік кірістер органына мәліметтер мен құжаттарды жіберуге келісім алуы тиіс. Банк тиісті құжатты алған соң, 1 жұмыс күні ішінде МКК-не банктік шоттан қолма-қол ақша алуға өтінім жібереді. МКК өтінімді 3 жұмыс күні ішінде қарастырады. Осыдан кейін банкке қолма-қол ақшаны беруден бас тарту үшін негіздеменің бар немесе жоқ екені жайында хабар береді.  
– Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану нәтижесі бойынша кәсіпкерлік субъектінің банк шотынан қолма-қол ақшаны алу сомасының шекті мөлшерінен асатын сомада қолма-қол ақша беруден бас тарту үшін негіздердің болуы ең болмауы туралы мәліметтер күнтізбелік бір ай ішінде жарамды, – деп жарияланған Мемлекеттік кірістер комитеті сайтында.  
Сонымен қатар микро кәсіпкерлікке, ауыл шаруашылығы азық-түлік өнімін, балық аулау өнімін сатып алуға жүзеге асыратындарға, бірлескен қаулы мен бұйрық қосымшасына сәйкес экономикалық қызмет түрлері бар тамақ өнімімен, сусындармен, сондай-ақ

# ЖАҢА ШЕКТЕУ КІМГЕ ТИІМДІ?

Бірден бастап кәсіпкерлердің банк шотынан қолма-қол ақша алуының шекті мөлшері бекітілді. Негізінде бұл шектеу 2020 жылғы 1 маусымнан бастап тек заңды тұлғалар үшін қолданыста болған. Ал биыл шектеу жеке кәсіпкерге де қолданылады.

фармацевтикалық, медициналық және ортопедиялық тауарлармен бөлшек сауданы жүзеге асыратын және екінші деңгейлі банктер және Ұлттық почта операторы мен ұлттық банктен арнайы лицензиясы бар шетел валютасымен айырбастау пунктінде мұндай шектеу қойылмайды.  
– Жаңашылдық – көлеңкелі экономиканы азайтуға, бизнес субъектілері операциясын арттыруға,



сондай-ақ заңсыз жолмен алынған ақшаны жылыстатуға қарсы күреске және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге бағытталған, – дейді ұлттық банк төрағасының орынбасары Дина Галиева.  
Құзырлы орган мамандары жалпы бұл шектеу ел экономикасындағы қаржы айналымын бақылауға көмектеседі дейді. Ал кәсіпкерлер мұндай шектеу енгізуге қарсылық танытуда.  
– Жыл басында облысымыздағы мемлекеттік органдар мекемесінің сақтығы үшін автоматтандыру жүйесін орнатуға, қауіпсіздік камерасын құруға және олар жыл бойы жұмыс істеп тұруы үшін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тендер жариялайды. Сол тендерге қатысып, командалық түрлі қызмет түрін ұсынымын. Қызмет ақысының барлығы банктелі арнайы есеп шотқа түседі.

Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

3

Көктемнің шуаққа толы алғашқы аптасында ақын, журналист Ғазиза Әбілдаһың «Сезім – серуен» атты жыр жинағы қалың оқырманға жол тартты. Осы кезге дейін жыр сүйер қауымға «Таңсәрі» кітабын ұсынған ақынның кезекті туындысына бұрын-соңды жарияланбаған жаңа өлеңдері енген. Осы орайда өмірін өлеңмен өрнектеген сыршыл ақынмен тілдестік.



# Сезім - серуен

– Шығармашылық еңбек деген оңай дүние емес. Жүрегің жарып шыққан әрбір туынды – ақынның жан дүниесіндегі ерек толқынының көрінісі. Уығасыз түндердің, шабытты шақтардың жемісі. Өзіміз бала күннен бері кітапты зор құндылық деп санаймыз. Іздегенімізді содан табамыз. Соңдықтан жиган-терген дүниеміздің кітап болып шыққаны ерекше қуаныш! Қазақ әдебиетінің алтын қорында қалады, – деді ақын. Лирикалық жырлар жинақталған туынды Алматы қаласындағы «Арыс» бастасында басылған. «Сезім – серуен», Көңіл – керуен» атты екі бөлім арқылы берілген ақын өлеңдерінде шынайы өмір, тап-таза махаббат бар. Себебі ақын жырларын

табиғаттан шабыт алып жазғанын айтады. – Тау-тасты, өзен-көнді, орман-тоғайды аралағанда керемет әсер аламын. Көркем жаратылысқа көзім тоймай, сүйісемін, тамсанамын! Осындай сезімдерден соң өз-өзінен жыр шумақтары төгіледі. Демек, ақынның жан дүниесі тым әсершіл болады деген сөз. Жаз баладай сап нәрсеге өкпелейді де, сап нәрсеге шаттанады. Ақынның туысқанында махаббат – ең биік сезім! Бұл жайында Абай хакімнің өз, хайуанға оны қосыңдар! айты емес пе? – деді Ғ.Қосбабақызы. «Сезім – серуен» жайлы пікір білдірген Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Дүйсенбек Аяшұлы: «Ғазиза ертелімен өмір

сүрмейді, өлеңі – оның жүрегі қиялы, жауһар ойы. Ол өзі айтқандай, «сөзі мен ісі лайық» күрескер ақын. Қиындыққа төзіп, қиынсызға көбінесе кезі де аз емес. Бірақ рухы мықты, жүрегі сәулемді. Аяқталмаған сөйлемге нүкте қойып, ал, болдым демейді, алға ұмтылып, ақ сапардың соны сөздерімен іздеумен келеді. Мен мұны өмірге де, өлеңге де қатысты айтып отырмын. «Осылай нұрға бөлеп өмірмізді, нүктені айналдырамыз деп белгіле» деп мұны ақынның өзі де айтады. Мен «Сезім – серуенді» қазақ өлеңінің қазынасына қосылған бір оқиға деп санаймын» деп жазыпты. Алдыңғы аға Буын осылай бағалаған жыр жинағының жастар үшін де берері көп екеніне сенеміз. Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

# ДАРИЯ ДЕҢГЕЙІ БАҚЫЛАУДА

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының ұйымдастыруымен департамент бастығының орынбасары полковник Саид Молдақараев, Төтенше жағдайлардың алдын алу бөлімінің бастығы азаматтық қорғау майоры Ғалымжан Әшімов жергілікті атқарушы органның өкілдерімен бірлесіп Қызылорда қаласы мен Шиелі ауданы аралығында Сырдария өзеніне мониторинг жүргізді.



Дария деңгейін бақылау мониторинг барысында өзендегі мұздың қалыңдығы мен судың келу деңгейі сарапқа салынууда. Қазіргі таңда сең Шиелі ауданы Қызылқайың елді мекенінің тұсында. Қызылорда су торабынан жоғары 190 шақырымда ұстасып тұр. Қазір мұз қабатының еруі, жұқауы және қалыңдығы 10-20

сантиметр екені анықталды. Осы ретте мониторинг жұмыстарымен қатар азаматтық қорғау мамандары елді мекендерде су басу қаупі туындаған жағдайда атқарушы қажет қауіпсіздік шарасын түсіндіріп, тұрғындарға ескерту ұнағандарын таратуда.

# ӘКЕ – ӨМІР ТІРЕГІ



Бір айға созылған жобаға қатысуға қызығушылық танытқандар көп. Фотожоба облыстың түрлі саласында жұмыс жасайтын әкелер аталысты. Ең бастысы, жобаның нәтижесінде әкелердің бала тәрбиесіндегі орнының ерекше екені байқалды. Жарыс қорытындысы бойынша І орынды қазалық Қанат Нұрлан, жалағаштық Нұрболат Аханов жеңіп алды. Ал ІІ орын қармақшылық Жандияр Есетов, Жаңабек Өлменбетовке бұйырды. Жүлделі ІІІ орынды

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар көңесінің ұйымдастыруымен «Әке – өмір тірегі» фотожобасы қорытындыланды. аралық Мұхтар Ізбанов пен қызылордалық Юсуф Сәидовқа бұйырды. Сондай-ақ жобаға қолдау білдірген облыстық іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Манат Алмашева 5 өкени арнайы номинациямен марапаттады.

# АНА – ҰЛТ ТӘРБИЕШІСІ

Ана – ынтымағы келіскен, түтіні түзу ұшқан әрбір шаңырақ пен мемлекеттің құт бәреkesі. Осы мақсатта қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №6 кітапхананың ұйымдастыруымен «Ана – ұлт тәрбиешісі» атты мерекелік көш өтті.



Шараға облысымызға белгілі ардагер ұстаздар, батыр, көпбалалы аналармен «Ақмешіт» институтының жастары қатысты. – Қалалық орталықтандырылған №6 кітапхананың оқырманы көп. Оның ішінде ауялы аналар да бар. Көктем мерекесіне орай, ауялы жандарға құрмет ретінде бүгінгі мерекені ұйымдастырдық. Іс-шараның жоғары

деңгейде өтуіне атсалысқан жастарға да алғысмын шексіз. Өскелең ұрпақ та анаға қуаныш сыйлаудың қандай бақыт екенін сезінді. Алдағы уақытта мұндай шаралар жалғасады, – деді қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғүлмира Шамсұттыққызы. Мерекелік көште Қарақат мектеп студиясының энергездары өнер көрсетті.

# ҰЛТТЫҚ ОЙЫН: АРНАЙЫ ПӘН ЕНГІЗІЛЕДІ



Елімізде орта мектептерде қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату бойынша міндетті сабақ өткізу әдістемесі әзірленуде. Бұл жайында Мәжіліс депутаттарының сауалына ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің жауабында айтылған.

– Бүгінде спорттық секциялармен шамамен 1,4 млн бала немесе мектеп жасындағы балалардың жалпы санының 40 пайызы, оның ішінде 422 мыңнан бастам бала мектептен тыс ұйымдарда қамтылған. Бұқаралық спорты дамыту аясында спорт инфрақұрылымын, оның ішінде ауылды жерлерде дамытуға баса назар аударылып отыр. Мәселен, 2023 жылға дейін шамамен 143 ауыл мектебін спорт залмен қамтамасыз ету жоспарланған, – деді Асқар Мамин. Үкімет басшысының атап өтуінше, Білім және ғылым министрлігі дене

шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жұмысын жолға қойған. Өткен жылы 447 дене шынықтыру мұғалімі біліктілік арттыру курсынан өтті. Ал биыл 2 мыңнан астам педагогты қайта даярлау көзделуде. Сонымен қатар 2021 жылдың қаңтарынан сабақтан тыс спорт үйірмесін өткізгені үшін дене шынықтыру мұғалімдеріне базалық, плауазымдық жалқымағын 100 пайызы мөлшерінде үстемеақы төлеу енгізілді. Үстемеақы дене шынықтыру мұғалімдерін білім беру ұйымдарында секциялар ашуға ынталандыратын болады.

# ИНТЕРАКТИВТІ ДӘРІС

Бүгінгі таңда қоғамдағы шешім қабылдауда тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта студенттердің белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл – интерактивті деп аталады. Бұл әдісті қолдану жеңіл көрінгенімен, өзіндік ерекшелігі мен қиындығы бар.



Интерактив – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Интерактивті оқыту әдісі дәстүрлі оқыту әдісінен оқу үрдісінде студенттердің тәжірибесін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және көпшілік қабілетін аша алуымен ерекшеленеді. Дегенмен интерактивті оқыту қажетті апаратын игеруге ұянықты көбірек белгуді бағалауда жаңа күрделі өлшемді қолдануды қажет етеді. Бұл әдісті тиімді пайдаланып, алға қойған мақсатқа жету үшін, белсенді оқытудың өзіндік алғышартын қанағаттандыру керек. Дәрісте тақырып немесе сұрақтың көмеімен білім алушылардың идеясын және пікірін анықтап,

сондай-ақ оқу материалын қабылдау кезінде ұсынуда басталып жазбасына қайта оралып, студент белгілі бір уақыт ішінде «Осы тақырып бойынша менің қандай білім, идеяларым мен көзқарасым бар?» Мен үшін қандай сәттерді менгеру қиын болды?» деген сияқты ойын дәптерге жазады. Сабақ соңына дейін өз жазбасын тоқтырып, дәрістің соңында басталып жазбасына қайта оралып, кейінгі жазбасымен салыстырады. Оқушылар сабақ тақырыбы бойынша бірлім тәрбетуді үшін мұғалім пайдалау оқу жоспарында берілген тапсырманы орындауға және орындағанын жұмыс туралы жазбаша есеп беруді ұсынады.

А. Ж. САРБАЛАҚОВА

# ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰАҒА

Әр адамның өмірінде ұстаздың орны бөлек. Алғаш қолыңа қалам ұстатып, әріп үйренетін ұстазың мәңгі жадында сақталары анық. Ұстаз болу оңай шара емес. Соңдықтан бұлар дана халық «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген. Өсіресе бүгінгі таңда пандемияға байланысты онлайн оқыту, ұстаздардың атқарған еңбегі өлшеусіз екенін дәлелдеді.

Онлайн оқу да, оқыту да оңай болмады. Оқушылармен бірге ата-аналардың да жауапкершілігі артты. Себебі баланы үйде ата-ана міндетті түрде бақылауға және онлайн оқуға қажетті барлық жағдайын жасауға міндеттелді. Ұстаздың еңбегін ұлы ететін – шәкірті. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан-жауыры бойы еңбегін жемісі алуы әрі білімді шәкірт. Бәйгедең оза шауып, мыңнан түлпар, жүзден жүрік келген шәкірт үшін ұстаздың

қуанышы сіз бен бізге елестетуге келмейтін сезім. Алғаш мектеп табалдырығын аттаған күні сізді құшақ жая қарсы алған ауялы жаңың еңіші аңыздай болып кетерін сезініп көрдіңіз бе? Әрине, жоқ. Бірақ әрбір күн өткен сайын жаңыңыздан табылып, әр аптаның жеті күнінде жеті рет көрісіп, көңіл ұсынында тұрақтан қайған ұстазға деген махаббат өлмейді. Мамандық көп. Бірақ мамандықтың түрлі болғаны маңызды емес, қанша мамандық

Зухра СУҒИРОВА

# МАРКЕТИНГ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Қызылорда көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі және облыстық «Жастар ресурстық орталығы» бірлесіп, «Маркетинг – мәртебелі мамандық» атты интеллектуалды сайыс ұйымдастырды.



Сайысты ұйымдастырудағы басты мақсат – студенттердің маркетинг пәніне деген қызығушылығын арттыру. Сайысқа колледжі студенттерінен құралған екі топ 5 шауып бойынша сыннан өтті. «Ой серігі» кезеңінде студенттерге пән бойынша 3 сұрақ қойылды. Екінші кезеңде команда мүшелері тақырып бойынша мерекелік сыйлықтарды бөзеп, жарнамалады. Үшінші кезеңде телевикториналық сұрақ қойылды. Тұтынушыға қызмет кезеңінде команда мүшелері сөздерге тауарларды

берілген тауар топтары бойынша орналастырып, тауарларды жеңілдіктен өткізді. Ақтық кезеңде сатып алушылардың өлшемі анықтауға басымдық берілді. Сайыс нәтижесінде студенттер түрлі номинация бойынша Қызылорда облыстық «Жастар ресурстық орталығының» дипломымен және алғаш хатымен марапатталды. Г.А. ӘБДУКАРІМОВА

Бетті дайындаған: АЙГҮЛ ӨЛШЕРОВА

Жалғасы. Басы 1 бетте.

# ЖАҢА ШЕКТЕУ КІМГЕ ТИІМДІ?



Көбіне бір айда 30 миллионға, одан да жоғары сомада қаржы алып, АҚШ валютасына айырбастаймын. Өйткені бізге қажетті құрал-жабдық шетелден әкелінді. Бір құрылғының бағасы кейде 4 миллион тұратын кездер де болады. Сондықтан мұндай шектеу орынсыз. Әр кәсіпкер қаржысын өзі бақыласа жеткілікті емес пе? Дамыған мемлекетте кәсіпкерлердің басым көпшілігі цифрлы валютаны қолданады. Біздің ел мұндай дәрежеге жеткен жоқ. Әлі де ұяқты көрек. Шағын кәсіпкерлер қолма-қол қаржысы 20 миллионнан асатын болса, банкке құжаттар тапсырып ғана қол жеткізеді. Бұл – бір жағынан кәсіпкердің құбын шектеп тұрған сияқты. Жылда кәсіпкерлікті дамыту қажет деп айтылады, бірақ неге екені белгісіз, түрлі шектеулер қойылады. Сөзбен істің үйлесім таппайтыны кынқытпайды, – дейді кәсіпкер Ғалым Мақашов.

Ал еліміздің сарапшы экономист маманы бұл шектеуге үре қарамауға шақырады.

– Кәсіпкерлік субьектінің банк шотынан қолма-қол ақшаны алуға шектеулер енгізуі – қорқатын дүние емес. Керісінше, бұл

дамыған, еркін экономиканы құрудың бір жолы. Өткен жылы маусым айынан бастап шектеу тек заңды тұлғаларға қолданылған болатын. Енді бивыл қаңтардан бастап



Димаш ЕРАЛЫ

жеке кәсіпкерлерге енгізілді. Бұл мемлекеттің сауатты экономикалық әрекеті деп білемін. Себебі бұл қолдағы қолма-қол қаражаттың барынша цифрлы валютаға айналуына және мемлекеттің ел ішіндегі қаржыны бақылауына әсер етеді. Бұл бақылау несімен тиімді? Біріншіден, ел ішіндегі қаражаттың шетел асып, мемлекетке түк пайдасыз болып қалуының алдын алады. Екіншіден, экономикалық еркіндік күшейеді. Көше ғана «The Heritage Foundation» зерттеу орталығының жылдық қорытындысы бойынша Қазақстан экономикалық еркіндік рейтингінде 39 орын иеленді. Бұл дегеніміз Қазақстан экономикасы және қаржы жүйесі барынша ашық бола түсуде дегенді білдіреді. Сәйкесінше, шетелдік инвесторлардың қызығушылығын арттырады. Ал бұл Қазақстан экономикасы үшін қажетті және қуантарлық жайт, – дейді экономист GSB UIB бизнесті талдау орталығының сарапшысы Димаш Ералы.

– 2019 жылы орташа статистикалық есеп бойынша, бір заңды тұлға жылына

шамамен 9 млн теңгені немесе айына 747 мың теңгені қолма-қол ақшамен алған. Біз енгізетін лимит жоғарыда көрсетілген саннан әлдеқайда жоғары. Сондықтан біз бизнес үшін қандай да бір қиындықтар туындайды деп ойламаймыз, – дейді ҰБ төрағасының орынбасары Дина Ғалиева.



Дина ГАЛИЕВА

Ұлттық банктің мәліметі бойынша, қолма-қол ақша алуға есептеудің шекті мөлшерін белгілеу тәжірибесі басқа елдерде де бар. Мысалы, Еуропалық Одақ елдерінде қолма-қол ақшамен төленетін мәмілелер мен сатып алулар бойынша

## ЖАҢА КОМИТЕТ ҚҰРЫЛДЫ

Биыл еліміздегі қаржы саласында бірнеше өзгерістер болды. Оның бірі, кәсіпкерлердің қолма-қол ақша алуына шектеу енгізілсе, енді Ұлттық банктің құрылымында үшінші жаңа орган – Ақша-кредит саясаты комитеті құрылды.

Жаңа комитеттің негізгі міндетіне базалық мөлшерлемеге қатысты шешім қабылдау кіреді. Бұл ақша-несие саясатының шешуші ставкасын белгілеу функциясы ақша-несие саясаты бойынша шешім қабылдау үшін арнайы құрылған жеке органың міндетіне кіретін инфляцияны таргеттейтін елдердегі ең жақсы тәжірибеге сәйкес келеді. Ақша-несие саясаты комитеті Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі анықтап, қабылданған шешімдердің тиімділігін нақтылайды.

шекте мөлшер еліне байланысты 1 000 еуродан 15 000 еуроға дейін жетсе, АҚШ-та – 10 000 Америка долларын, Канадада – 10 000 Канада долларын, Австралияда – 10 000 Австралия доллары.

Жалпы әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын жаңашылдыққа сенімсіздікпен қарайтынмыз бар. Халықтың басым көпшілігін бұл шектеуге қарсылық танытуының астарына үңілесек. Бастапқыда заңды тұлғаларға енген шектеу бүгін кәсіпкерлерге қолданыла бастады, ертең қарапайым халық та әр жұмсаған тиынына өсет беретін күннің жақын екенін айтады.

## ТАБУС-ПЕН ТАБЫСТЫ БОЛЫҢЫЗ!



Бүгінде тұрғындардың қаржылай сауаты артып, қор нарығынан пайда табуға, артық қаржысын инвестициялауға қызығушылығы ортқан. Түп халықтың басым көпшілігі үйде отырып-ақ шетелдік компания акциясынан табыс табады. Жетілген технология мен түрлі мобилді құрылғылардың артуы да қор нарығының дамуына сеп болады. Бірақ әлі де жабық тақырып ретінде қозғала бермейтін сенімді акциялар мен брокерлік компаниялар жайлы ақпарат жоқтың қасы. Мұның өсерінен халық қаржысын қай компанияға сааларын білмей, шығынға ұшырауда. Қор нарығынан қаржы тапқысы келетіндерге жадынама ретінде бірнеше ережелерді ұсынамыз.

Бетті дайындаған Айгүл ӨШЛЕРОВА

## ИПОТЕКА ОҢАЙ

Еліміз ипотека қолжетімділігі бойынша 109 елдің ішінде 74-орында тұрғақты. Баслана бағыты қымбат-танғанына қарамастан елде ипотека рәсімдегендер саны артып келеді. Бұған бірден-бір себеп – зейінатқы қорындағы қаржының басым бөлігі пәтер сатып алуға жұмсалып отырғандығы. Мәселен, қордың қаражатына иек артқан азаматтардың 87% үйдің құныне кіріскен. Нақтыласақ, 45,5% пәтер алуға, 28,3% ипотекалық несиесін жабуға, 10,5% «Отбасы банкі» арқылы ипотека рәсімдеу немесе екінші деңгейлі банк арқылы тұрғын үй сатып алуға бағытталды. Қордағы қаражаттың бір бөлігін пайдалану үшін 12 ақпанға дейін құны 1 млрд 855 млн теңгеге тең келетін 115 608 өтінім келіп түскен екен. Оның 78 074-і мақұлданды.

Биыл қаңтарда жаңадан салынған баспана құны 3%, ал қолданыстағы үйдің бағасы 5% өскен. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі қарбалас үй бағасын қолдан қымбаттатуға әкел соққан. Жалпы Қазақстан қолжетімді ипотекасы бар елдер рейтингінде 74-орында. Билтыр өскі көрсеткіші бойынша 104 елдің ішінде 30-орында тұрғақтаған еді. Есел бойынша елімізде 90 ғарыш метрлік пәтерді 20 жылға ипотекаға алу кезінде ай сайынғы төлем бір отбасының табысынан 1,5 есе артық болып шықты. Жалпы ипотекасы қолжетімді елдер көшін Сауд Арабиясы, Пуэрто-Рико және АҚШ бастап тұр. Бұл елдерде ай сайынғы ипотека төлемі кірістің 30%-ынан аспайды.

Қазір танымал компаниялар акция сатуды онлайн жүйеге көшірді. Тіпті халыққа қолайлы болуы үшін мобилді қосымша да шығарылды. Оның ішінде ең танымалы Tabus қосымшасы. Мысалы, нарықтан орын алған Freedom24.kz бағалы қағазын брокер көмегіне жүгіней-ақ акция сатудына қатыса алады. Таңдалған бағалы қағазды себетке қойып, банк картасымен төлем жасайсыз. Бір ғана айырмашылығы – Tabus арқылы биржалық ноталарды сатып алуға мыңдаған доллар салу міндеттелмейді. 10-20 доллардан бастап инвестиция салып, қаржыңызды көбейте аласыз. Елімізде Tabus қосымшасынан бөлек, Jysan Invest, Halyk Finance, Freedom24, BCC Trade қосымшасын да қолдануға болады.

**ТАБУС-ТЫҢ АРТҚЫШЫЛЫҒЫ:**

- Түсінікті интерфейс жеңіл әрі оңай жолмен инвестициялауға мүмкіндік береді.
- Бастапқы жарнасыз.
- Делдалсыз.
- Инвестиция сомасы \$10 басталады.
- IOS және Android-та жүктеу мүмкіндігі.

Кез келген орынға және кез келген уақыттағы сауда Tabus қосымшасының тиімді тұсына тоқталсақ, AIX-те Kaspi, «Қазатомөнеркәсібі» немесе «Халық банк» сияқты компанияларға инвестиция салуды ұсынады. Брокерлік шот ашу тегін болғандықтан, оны бірнеше компаниядан ашып, өз брокерін таңдайды.

**ТАБЫСҚА ҚАЛАЙ ЖЕТЕМІЗ?**

Биржалық ноталар бойынша табыстылық екі тәсілге негізделген. Біріншісі, бағаның өсімінен түсетін табыс. Мұнда биржалық ноталардың бағасы инвестордың капиталын арттырып өседі. Мәселен, алтынға салым салатын биржалық нота бар. Егер алтынның бағасы өссе, биржалық нотаның құны өседі. Екіншісі, пайыздық

табыс. Мұнда биржалық ноталар тұрақты пайызын төлейді. Бірақ пайыздың мөлшері базалық актив табысына байланысты артады.

**ҚАЙ КОМПАНИЯНЫҢ АКЦИЯСЫ ТИІМДІ?**

Қазір компаниялардың атауы белгілі. Олар – «Қазактелеком», «Эйр Астана», «Қазмұнайгаз» сияқты ірі-ірі компаниялар. Сондай-ақ «Қазакстан темір жолы», «Қазпошта» компаниялары да тізімде бар. Қазақстанда екі биржа жұмыс істейді: Қазақстан қор биржасы (KASE) және «Астана» халықаралық қаржы орталығы (AIX). Биржа ұсынатын бағалы қағаздар эмитент деп аталады. Мәселен, KASE 175 эмитент ұсынады. Оның ішінде «Баян Сұлу» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сияқты ірі ұйымдардың акциясы да бар. 2019 жылдың наурызынан бері ел тұрғындары Facebook, Microsoft, Starbucks секілді әлемдік компаниялар акциясын да сатып ала алады. Биржадағы сауда-саттыққа кіріспес бұрын брокерлік компанияны таңдап, инвестициялық стратегияңызды анықтап, трейдерлік терминалды жүктеп, брокерлік шотты толтыру керек. Брокер сіздің өтініші бірізге өткізген соң ғана акцияларды иелене аласыз. Бұл жерде пайданың астында қаларыңызға ешкім келпідік бермейді. Менің деген акцияны өз әп-сатте шарықтап, не құлдырап кетуі мүмкін. Тандамас бұрын акцияның табыстылығына, сенімділігіне мән беру маңызды.

**IPO. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗҒА Е БОЛУ, КОМПАНИЯҒА Е БОЛУМЕН ТЕҢ БЕ?**

IPO – қоғамға ұсынсы. IPO-ға негізінен тек 6-7 жыл бойы жұмыс істеген табысты компания қатысады. Бұл компаниялардың ішінде IPO-ға кіретіндер өзінің қаржылық көрсеткішін акцияға ұсынуға жеткілікті деп санайтындарды инвесторлар

бағалап, көптеген акцияны сатып алады. Қарапайым тілде айтсақ, IPO, құнды қағаз – барлығы компанияның акциялары. Егер сіз бір компанияның акциясын аласыз, онда сіз акционерсіз.

Егер компания 5 жыл бойы жыл сайын 30 пайыз таза табыс көрсетсе, онда сіздің акцияларыңыз бірнеше есе өседі. Ондай компанияны қалай таңдау керек? Мәселен, айгілі инвестор Питер Линч «өзіңіз тауары мен қызметін тұтынып жүрген компанияны таңдаңыз» дейді. Ол әйелімен бірге супермаркеттерді аралап, айгілі тауарларды бақылаған соң өзінің ең үздік инвестицияларын жасайтын болған. Сол үшін мейлінше асықпай бақылап, шымдаңдылық танып жүзмет.

Инвестиция саласының белгілі сарапшысы Нұргали Нұрмахамбетов акция таңдамас бұрын сол акция тиесілі компанияны терең зерттеу қажет дейді.

– Кәсіби инвесторлар не үшін акцияға жүгінеді? Егер дұрыс таңдау жасай білсе, акция купондық табысы алдын ала бекітілген облигациялар мен депозитке қарағанда көбірек табыс табуға мүмкіндік береді. Мысалы, біздің мемлекеттік құнды қағаздардың орташа табыстылығы жылына 10,5 пайыз. Депозиттер 11 пайызға барып қалады. Одан инфляцияны алып тастаймыз. Билтырғы инфляция 7,4 пайыз деп есептесек, облигацияның жылдық нақты табыстылығы 3,1 пайыз, ал депозиттің 3,6 пайыз ғана. Сондықтан тәуекелдің бар екенін ескере отырып, акциялардың табыстылығы одан көп болуы тиіс. Инвесторлар үшін акциялар пұлы жылдық 26-28 пайыз кірістілік беріп жатса, бұл өте ұтымды қадам деп саналады, – дейді сарапшы.

**FREEDOM FINANCE-ТЫҢ АРТҚЫШЫЛЫҒЫ**

Freedom Finance ұнғайлы сауда платформасы арқылы әлемдегі кез келген құнды қағазға қол жеткізесіз. Freedom24.kz жобасының директоры Вячеслав Кимин айтуынша, Facebook акциялары 2012 жылдан бері 564 пайызға өскен. Сол кезде бұл акцияға 1000 доллар салған азаматтың қазіргі табысы 5-6 мың доллардан асып кетті деген сөз. Сонымен кезде күн санап рекорд жанартаң биткоин мен Tesla акциялары қайта күрт құлдырады. Сондықтан нарықтағы тәуекелдерді әрдайым бақылау және ескеру маңызды.

Жалғасы. Басы 1 бетте



«Sara KA» жеңіл өнеркәсіп орталығы ұсынған ұлттық киімдер топтамасы



# Шапан шынымен қымбат па?

## ҰЛТТЫҚ КИМ ШЕТЕЛДІК БРЕНДТЕРДЕН АРЗАН

Ұлттық киімге ден қойған біздің келесі бағытымыз «Sara KA» жеңіл өнеркәсіп орталығы болды. Аймаққа аты мәлім орталық осы кезге дейін ұлттық киімдерде, қазақы бұйымдарды да кеңінен насихаттап келеді. Соңғы кезінде орталық директоры Аида Керімқұловадан «қазақы нақыштағы киімдердің дизайнын кім сызатынын және бұл сала қаншалықты табысты екенін» сұрадық.

– Киім дизайнын өзі ойлап табамын, сол үшін тарихқа үңілемін. Барынша киім үлгісін жергілікті тарихпен байланыстыруға тырысамын. Ал 3D модельдеу үшін маман көмегіне жүгінемін. Бізде ең төмен баға 3000 теңгеден басталады. Қазір ұлттық киімнен бұрын шетел киімдерінің өзі қолжетімсіз. Мен Қытайдан әкелінетін төменгі сатыдағы киімдерді айтып тұрғаным жоқ, Италия, Франция, Түркия брэндтерін мензеп отырмын. Бірақ ол киімдер жайлы қолжетімді, қолжетімсіз деп айтылмайды. Неге? Себебі біздегі сана солай қалыптасқан, ең алдымен осы ойдан арылу керек. Өзің дегенде өзегіңді жұлып беруің керек. Адам – тілімен, ділімен, салтымен, дәстүрімен, өнерімен, флора және фауна байлығымен, тәрбиесімен, білімімен тұла. Соның барлығын қатар қойған кезде ғана қазақ мойындалады. Құр бөгер өз басын алта сүйреп, құндылықтарды шет қалдырса ұзаққа бармайды. Бастысы, сапаға, абыройға (оган дизайн, мата, тігіс, декор, өрнек, тұтынушымен тіл табысу этикасы бәрі-бәрі кереді) жұмыс жасалса, тұтынушы бағалап, қазақы бағытқа бет бұрады, – дейді А. Керімқұлова.

Кәсіпкердің сөзінен де киімнің сапасына қарай бағасы қойылатынын түсіндік. Бйтпесе ұлттық нақыштағы киімдердің қадірі жоғалатыны бесенеден белгілі жайт.

## БӘРІ ДЕ «ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН»

Осыдан соң әлеуметтік желінің көмегіне жүгініп, ұлттық киім дизайндайтын өлше белгілі сан үйлерін саралай бастадық. Алдымен Instagram әлеуметтік парақшасынан журналист Жанат Бақтытың сөн үйіндегі ұлттық киімдердің бағасына назар салдық. Ел сүйсіне қарайтын парақшадан іздегеніңді тілмей-ақ табуға болады. Ал баға келесідей: апта бұрын мерекеге орай 25 000 теңге тұратын бешпенітер 10 000 теңгеге, кәжекейлер 3500 теңге жеңілдікпен шығарылған. Осы жерде күміспен көмкерілген кәжекейлердің бағасын шатастырмау қажет, олар 45 000 теңгемден сатылымда тұр. Бархаттан тігілген шапандар – 35 000 теңге, велветтен тігілген шапандар – 20 000 теңге. Күнделікті киіме арналған көктемдік, бархаттан тігілген шапан – 45 000 теңге. Ұлттық киімнің бәрі «Қазақстанда жасалған» брэндімен сатылымға шығарылған.

«Сараның сандығынан» атауымен ұлттық киімдер топтамасын ұсынған айтыскер ақын Сара Тоқтамысова да осы бағытқа ерекше үлес қосып жүргендердің қатарында. Әлеуметтік парақшадан байқағанымыздай, бұл жерде де ұлттық үлгідегі барлық киім түрі бар. Ал баға келесідей: ұлттық нақыштағы жилетканың қысқасы – 16 800 теңге, ал ұзыны – 26 800 теңгеге сатылымға шығарылған. Қысқа шапандар бағасы – 35 800 теңге.

## ҚҰНДЫЛЫҚ – ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

Жоғарыда ұлттық мереке жақындаған сайын қазақы құндылықтардың насихаты жайлы мәселе жиі қозғалатынын айттық. «Бұл мәселенің шешімі: әр адам ұлттық дүниені құрметтеуді өзінен бастау керек» дейді Әзіз Батырбеков. Қапалық «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы бұл сөзін кәзір ісімен дәлелдеп жүр. Жыл бойына ұлттық ою бедерленген шапан, қазақы өрнек салынған костюм киіп жүретін тіл маманымен тілдестік.

## Әзіз БАТЫРБЕКОВ, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы:

– Менің түсінігімде, барлық халықтың ұлттық ерекшелігі болады. Бірінші кезекте қай ұлттың да тілі мен дәстүрі маңызды. Дәстүр арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық өнер, ұлттық киім насихатталады. Соңғы уақытта ұлттық

киімдерді тек Наурыз мерекесі кезінде немесе арнайы іс-шарада ғана кию белең алды. Осы мәселе мені жиі ойландырды. Бірақ оның шешімі бар: әркім ұлттық киімді насихаттауды өзінен бастау керек. Мен қазақ өкенінді мақтан тұтатын жанмын. Ал ұлттық нақыштағы киімдерді киіп жүргеніме екі-үш жылдың келемі болды. Шапан, қамзолдан бөлек жұмысқа арналған костюм киетін болсам, міндетті түрде әйеліме қазақы ою салдыртамын. Әр оюдың өзінше мән-мағынасы бар екенін білесіздер. Оларға мән беріп қарасаң, «сөйлеп» тұрады. Соңынан оюды көз көрмей киімге жапсырып, тіге беруге болмайды. Осыған дейін мен аудандық «Жалағаш жарысы» газетінің бас редакторы қызметін атқардым. Егер ауданға бара қалсаңыз, жақын маңайдан төрт құлақты өскі қорымдарды байқауға болады. Бірде сол бейіттердің әр қулағына ою салынғанын көрдім. Соның жайылы аудандағы өлкетанушылардан, ақсақалдардан сөзбен сұрадым. Осы тақырыпта аудандағы тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Марат Ақырзақұлымен де сөйлестім. «Оюға жақсылап мән беріңіз, сонда түсінесіз» деді өлкетанушы. Қорымның басына қайта барып, оюды асықтай қарап шықтымын. Ою бір қарағанда ұшып бара жатқан құсқа ұқсайды. Сонда адамның жаңы көкке көтеріліп бара жатқанын бейнелеген ою екенін аңғардым. Ал мұндай оюды киімге салуға болмайды.

Кейде таныстарым маған «оюды шалбардың балағына да салған дұрыс» деген пікір айтады. Бірақ мен қазақы оюдың үнемі кеуде тұсында тұрғанын қалаймын. Үлкен құндылықты әрдайым жоғары ұстағым келеді. Киім таңдағанда да осы жайға жіті мән берімін.

Ұлттық салт-дәстүр, тарих жайлы мәселеге бей-жай қарамайтын Әзіз Жұмаділдаұлы ұлттық киімді күнделікті киіп жүруге қымбат баға әсер етеді дегенге көпсіңіріңіз де жеткенді.

– Өз басым ұлттық киім қымбат деген пікірді түсінбеймін. Мысалы, нарықта заманауи үлгідегі пиджак шамамен 40-50 мың болуы мүмкін. Ал менің жұмысқа киіп жүрген оюлы шапаным 30 мың тұрады. Салыстырып қарасаңыз, басқа киімге қарағанда өлдеқайда арзан.

Жұрттың ұлттық киімге деген көзқарасынан қымсынатын адамдар да болады. Бірақ халықтың көзі бірте-бірте үйренеді ғой. Кейде мен шапаныңды әдейі киіп, базарға немесе орталыққа серуендеуге шығамын. Базарға баруға мұқтажың болмаса да, «адамдар ойлансын, ұнаса осылай ұлттық нақышта киіне өкпен» деген ниетпен жүремін. Бірақ бұл жарнама емес. Ең алғаш жұмыс орнына шапан киіп келгенде күлгендер де, таң қалғандар да, ризашылық білдіргендер де болды. Алдымен бір апта, кейін бір ай, тіпті жыл бойы осылай қазақы үлгіде киініп жүретін болдым. Қазақ «көңіл көңілден су шешеді, адам адамнан тағым алады» дейді. Осылай әркімнің ақындығын өзгерісті өзімізден бастасақ, ұлттық киімнің насихаты артар еді, – дейді Ә. Жұмаділдаұлы.

## ОЮДА ОЙ БАР

Ұлттық киім жайлы сөз қозғалғанда, оюларға аса назар аудармайтынныңызды да тілге тиек еттік. Осы орайда ғалым Зейнолла Сәніктің көптомдық шығармалар жинағынан оюлардың қысқаша мазмұнын ұсынды да жөн көрдік.

Көпшілік жазбай танытын, ұлттық киім мен бұйымда жиі пайдаланылатын ою түрі – қошқар мүіз. Өйткені бұл өрнек қуатты, жақсылықты, молшылықты білдірген. Кезінде ата-бабаларымыз «Бұрада айдаңдардың еңі түгі, қошқарда бір түгі бар, сондықтан адам айбарлы көрінеді» деп қошқарды ерекше қадірлеген. Ал жас қаз-жігіттердің киіміне, жаңа отаулардың жасау-бұйымдарына, иірі-иір оюлардың араларына құсмыранның оюы бейнеленген. Себебі бұл нышан ұшқан құстай еркін самғауды, бақытты болуды мензейді екен. Шешендердің, ақынның шапандарына және басқа да киім-кешектеріне күстандай белгілері кестеленген. Бұл өрнек «тілді-жақты бол, үнің лұбул құстың үніндей жағымды, жан сүйсінерліктей болсын» дегенді аңғартса керек. Сондай-ақ ер-азаматтарға арналған бұйымдарда, батырлар киіміне қайраттылықтың, ерліктің белгісі ретінде омыртқа терісін ирек белгілер көп салынған.

ТАҚЫРЫПТЫҢ ТҮЙІНІ. Қарап отырсақ, ұлттық киім дегенде айтарлықтай шарықтап тұрған бағаны байқамаймыз. Шикізат мәселесі, ұлттық дүниенің қадірі, тігіншінің ізденісі, бәрін-бәрін ескерген жөн. Ендігі таңдау – тұрғындардың өз еркінде...



«Ескі базар» сауда орталығындағы ұлттық киімдер топтамасы



«Жанат Бақты» сөн үйі ұсынған ұлттық киімдер топтамасы

«Сараның сандығынан» ұсынған ұлттық киімдер топтамасы

Бетті дайындаған Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ



Ержан ҚОЖАС

# Ауыл әңгімелері

## ОБАЛ ГОЙ ДЕГЕН...

— Өй бәрі кел, — деді сөстiлiп тұрған маған Рамаш. — Іннен шыққан баппақтай зып берiп қашуға дайынсың-ау. Уста анау құмданды.

Төл.

Крiтiгiн менiң үнiм де осылай шықты.

— Осыдан бұқтырма пісірсе, алды-артына қарамастан жығырар едің, О, несі-ай? Жалғыз өзiм аршымайтын шығармын бұны. Су жұтып тұр...

Рамаш — Біздің ет жағын ағамыздың әйелi. Женгем гой. Туыстар арасында тұл-қудайы жолы болса, оның бәсі тым жоғары. Еткендi болғанмен қимылы шалт. Сақан асатын үйдiң күршiн келiстiрiп басытын да осы кісі. Тиянақты келiнiң тiптi осы пысықтығының арқасында қаладан келген абысын-ақынға да сөзі өтпiдi. Ақсауға келiндерiн де шыны аяқтай қаныстырып, сiлiп-сiлiп алатыны бар. Біздей мұрты ендi төбедiгiн бозбала қайыларына өзiрге «қысырқы» айбары жетiп тұн.

Өлiгiнде қана қайысы Сейiлханның Ерсултаннiн ауылдағы молда сұңдеттедi. Өрi-бери бұтқаған кішкентай сарыны үлкендер қауымына, өрi-бери алдағанға көнбеген соң күшпен «кестiргенге» ұқсайды. Солай болғаны анық. Өйткенi кiзi үйдiң iшiн басына көтере, ұты ойбайды салған Ерсултаннiң дауысын жұбатып арғы бөлiнегi ауыл да естiдi гой. «Жайдайлаған кемпiр-шаддың жұбанышы Ерекенге әсер етпесе керек-ті. Әжесi аяп-ақ тұр. Бірақ болмайды. Дүстүрден озған кім бар? Ақыры, молдеңк дегенге жеттi. Кесiп тынды. Сақана онша ақ араласа қоймаған қалың қабақты бұл молдаң «кісі баласын аялты» дегендi естiмепiнiң өз басым. Ерсултан да сол сөттi басынан өткiздi жатыр. Жақын iнiмнiң лақша бақ еткен даусы шыққан. Содан кейiн «көмелет» өкiлiн үнiн естiдi. Салған соң: «Мiне, азамат болды деген осы» деген шал-кемпiрлер кiзi үйге кiрiп, Ерекенге «атағандарын» тастап жатқан.

Рамаш жеңгемнiң қармағына түспей тұрып, кішкентай iнiме мен де кiрiп шыққанмын. Манайы жылға жоқ, көзi жылтырған, келген-кеткенге қарайды. Жанында Сүйiнбайдай шұ, Құрманғазыдай бес төпектiп қағаз ақшалар шашылып жатыр. Арасында жал-жасыл Шоқан Уәлихановтың суретi басылған он теңге де көрiнедi.

— Қане, iнiшек, жiптi болдың ба, көрейкi. Қасына жетiп барғанымда қолыма қарады iнi. Сiра, менi де бiрдеңе әкелер дeп күтсе керек. Одан тұқ шықпайсын бiлген соң, қабағын кiржiтке көзiмен тектiп жектi көрсеттi.

— Мәләдес, жiптiң — дедiм мен үстiне шеге күмi толы төңкерiлген кесенi жайлап ұстап. — Өй, мынаның бәрiн кесiп алған ба? Қыз болып қалатын болдың-ау.

Өп-өтiрiк аңауарың, дым бiлмегендей «жау шақыра» салдым.

— Ааа, әжеуеуе! Ерекен аңырай жөнелдi. «Қыз болып қалдың» дегенге өзiнiң қанышылып. Оның жылған дауысын естiген әжесi шаддай ма?

— Өй, көгерметiр. Ежкi! Жатқан балада нен бар едi, жер қана тартқыр!

— Жөсiнiң дауысы қандай ашы едi? Кiзi үйден атып шыққан бойы бауырсақ пісiрiп жатқан жеңгелерге жылтыстап бергенiм.

Осылай iшiп толып, ерiптi жүргенде гой, Рамашақа ұстағаным. Ендi өзiмнiң жаса сойған құлдың iшек-қарнын аршудамыз. Дүрiсiң, ол аршуды, мен су құямын.

